

X(5703)  
Қ 74

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ



МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ  
ИМЕНИ БАРИМБЕКА БЕЙСЕНОВА

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының қылмыстық құқық  
және криминология кафедрасының профессоры,  
полиция полковнигі Р. Б. Құлжақаеваның  
80 жылдық мерейтойына арналған

## **«ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ: ЗАМАНАУИ ТҰЖЫРЫМ, ТӘЖІРИБЕ, ШЕШІМ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

## **«ПЕРЕДОВОЙ ОПЫТ И ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРАВОВЫХ ДИСЦИПЛИН: СОВРЕМЕННАЯ КОНЦЕПЦИЯ, ПРАКТИКА, РЕШЕНИЯ»**

материалы международной научно-практической конференции,  
посвященной 80-летию юбилею профессора  
кафедры уголовного права и криминологии  
Карагандинской академии МВД  
Республики Казахстан имени Баримбека Бейсенова  
полковника полиции Р. Б. Кульжакаевой

Жалпы қорытындылап айтсақ, мемлекеттік тілде жазылатын курстық жұмыстың негізгі ерекшелігі, қазақ тілінде әдебиеттердің жоқтығынан аудармамен айналысуы керектігін және мемлекеттік тілде жүйелендірілген терминологиялық сөздіктің болмауынан кездесетін қиыншылықтардан көрінеді.

Мемлекеттік тілде сабақ беру кезінде кездесетін мәселелер бойынша оларды шешу жолдары:

1. Кафедрамен мемлекеттік тілде бірқатар баспалық оқулықтармен қатар электрондық оқулықтар шығару;

2. Академия оқытушыларының сабақ берудегі кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында басқа оқу орындарының оқытушылармен әртүрлі нысанда өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

3. Қылмыстық іс жүргізудің семинарлық және тәжірибелік сабақтарына құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлерін қатыстыруды ұйымдастыру.

<sup>1</sup> Қызылов М. А., Серімов Е. Е. Әдіснама. Оқытушы шеберлігі. — Қарағанды, 2012. — 58-59 б.

**Т. Р. СЕЙДЫҒАЛИЕВ, МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ;  
Т. С. САЛКЕБАЕВ, МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ  
(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ)**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КУРСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛІГІ**

Қазақстан Республикасындағы барлық қоғамдық өмір салаларын жаһандандыруды жүргізу бағытының маңыздылығы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту жағдайын жасау болып табылады. Бұл еліміздің қалыпты экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуын, демократиялық үрдістердің одан әрі жетілдіруін және қоғамның тұрақтылығын, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуын талап етеді.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттің зор мүдделілік білдіруімен мемлекеттің осы маңызды міндетті тиімді шешу үшін арнайы мемлекеттік-құқықтық механизмін қалыптастыруымен ғана мүмкін болады. Тек халықпен құрылатын және бақыланатын демократиялық қоғам адамды, азаматты нағыз бағалай алады және де адамның мүддесіне өз саясатын жүргізеді.

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу жылдарындағы конституциялық теорияның негізіне қойылған ең басты идеялардың бірі, Қазақстан Республикасындағы жоғары құндылық болып адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары танылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев өз жұмысында қоғамның идеялық бірігуі Қазақстанның өрлеу шарты ретінде «біз құрып жатқан қоғамның жоғары құндылығы адам болып табылады. Сондықтан, адамға байланысты қайта құру басталды», — деп атап өтті.

Сонымен қатар біздің республикамыздың Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бекітілсе, ал 12-баптың 2-тармағында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды», — деп жария етті. Сондықтан бұл жерде адам жарық дүниеге көз ашқан сәттен бастап Қазақстанда осы құқықтар мен бостандықтар жүзеге асырылуы тиіс деген сөз. Демократиялық қоғамды дамыту деңгейі адам құқығы саласындағы халықаралық құқық принциптері мен жалпы танылған нормаларды жариялау ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық заңнамада бекітілуімен анықталады. Қоғамда жеке тұлғаның қолданыстағы құқықтар мен ұйымдастырушылық үрдістері өз құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асыру мақсатында пайдалануына мүмкіндік туғызатын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, жүзеге асыруға байланысты тиімді әрекет ететін мемлекеттік-құқықтық механизм болуы қажет.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі орталық орынды арнайы уәкілеттелген мемлекеттік органдар алады — оның ішінде, ішкі істер органдары, олардың қызметі осы құқықтар мен бостандықтарды тікелей қамтамасыз етуге және қорғауға бағытталған. Өкінішке қарай, тәжірибелік қызметте ішкі істер органдарының өз өкілеттіктерін пайдалануы

зандылық, негізділік сияқты принциптермен үйлеспейді, осыдан барып жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының бұзылу жолына алып келеді. Сондықтан да ішкі істер органдарының жеке құрамын кәсіби даярлауда ІІО-ның қызметкерлерінде теориялық және тәжірибелік білім мен ептілік жүйесін, сонымен бірге адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары құндылықтарын негізге ала отырып гуманистік көзқарастар мен қатынастарды қалыптастыруға тікелей бағытталған маңызды рөлге ие болу қажет.

Әлемдік қауымдастық, яғни дамыған шетел мемлекеттері, БҰҰ, ОБСЕ, Еуропалық одақ тағы сол сияқтылар аталмыш мәселеге барлық жауапкершілікпен қарайды және осы мәселе бойынша бірталай халықаралық құжаттарда өз ұстанымын қалыптастырды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлауға адам құқығы саласындағы халықаралық, сондай-ақ ұлттық деңгейде де білім беру бағдарламасында зор назар аударылады.

Аталған оқу пәнінің негізгі мақсаттары болып табылады: тыңдаушылардың адам құқығының сәтаттары мен ұғымын меңгеру; тыңдаушылардың қолданыстағы заңнамадағы Қазақстан Республикасы заңшығарушылық актілерінің және бекітілген халықаралық шарттарының нормаларын түсінуге және түсінік беруге дұрыс қолдана білулерін үйрету.

Адам құқығының ұғымы, адам құқығының генезисі, жеке тұлғаның құқықтық жағдайының принциптері, адам құқығының халықаралық стандарттары, Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, Қазақстан Республикасы ІІО қызметіндегі құқықшектеу, полиция мен қоғамның өзара қатынасы, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың соттық және прокурорлық механизмдері, ІІО-ның азаматтық қоғам институттарымен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара қатынасы сияқты мәселелер және құқықтық институттар зерделеудің заты болып табылады.

Аталған курстың маңызды мақсаттары — тыңдаушылардың құқықтық мемлекет туралы, конституциялық заңдылықтың талаптары туралы, ішкі істер органдары қызметкерлерінің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі, конституциялық құрылысты қорғаудағы рөлі туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыру.

Курсты оқыту өткен курстарда зерделенген пәндермен үйлеседі — Қазақстан Республикасы конституциялық құқығы, халықаралық жария құқығы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы және басқалар.

«Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» оқу курсы құқыққорғау органдары жүйесіндегі жоғары оқу орындарында басқа заң жоғары оқу орындарына қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. Бұл заңдылықты сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде ішкі істер органдарының қызметіне байланысты арнайы зерделеу қажеттілігімен және Қазақстан Республикасының арнайы жоғары оқу орнын аяқтаған тұлғалар үшін олардың тәжірибелік қызметіне үлкен маңызға ие екендігімен айғақталады.

Адам құқықтары саласындағы білім беру — қоғамдағы адам құқығының құқықтық мәдениеті мен мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған ұзақ және күрделі процесс. Бұл үшін азаматтар өз құқықтары мен бостандықтарын өздері түсінуді және білімгерлігі, өзге де азаматтардың құқықтары мен абыройын құрметтеулері, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтары аясындағы белгілі бір дағдылар мен шеберлікке ие болулары қажет.

Сондықтан оқытушының алдында аталмыш курстың шеңберінде осы элементтерді қалыптастыру бойынша жеткілікті мұршада нәтиже шығару үшін аудиториямен жұмысты құру мақсаты тұр.

Осы орайда, адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттардың мазмұнын ғана емес, жалпы алғанда «адам құқықтары» санатының ұғымы мен мәні туралы, оның генезисі, тарихи-философиялық көзқарастары туралы, құрылымы және топталуы туралы, құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың және жүзеге асырудың әмбебап және ұлттық механизмдері туралы және т. б. түсінікті жандандыру қажет.

Жеке адамның мәдениеті туралы сонша, оның өзінің құқықтары мен бостандықтарын бағалайтыны, ұғынатыны, сондай-ақ осы құқықтар мен бостандықтарды тәжірибе жүзінде қалай нақты пайдаланатындығына байланысты айта кетуге болады. Сондықтан адам құқықтары мәдениетінің қалыптасу процесінде тәжірибелік құрамдастық — бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қорғау және қалпына келтіру бойынша дағды мен шеберлік тәжірибесі маңызды рөл атқарады.

Пән бойынша инновациялық технологиялар:

Кафедрада дәрістік курстар бойынша бейне слайдтар жасакталды. Тақырыптар бойынша семинар сабақтарында интерактивтік тактада адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдері бой-

ынша негізгі анықтамалар, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде негізгі халықаралық құжаттар сызбалары қолданылады. Бұл тыңдаушылардың семинар сабақтарына дайындалуларына және өзіндік жұмыстарын орындау кезінде септігін тигізеді. Қажетті құжаттардан үзінділер тыңдаушылардың конспектілеулеріне беріледі.

«Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» пәні бойынша «Адам саудасы», «Балалар құқығы» бейне фильмдер бар.

Пән бойынша тест тапсырмаларының жинағы бар, сондай-ақ аталмыш тестілерді компьютерлердің жеткілікті санына байланысты семинар сабақтарында қолдануға болады.

Тыңдаушылардың өздік жұмыстарына тапсырма беріледі.

1. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.
2. Рефераттар әзірлеу.
3. Тақырып бойынша глоссарий құрастыру.
4. Салыстырмалы кесте құрау. Мысалы:

| Адамның құқықтары мен бостандықтары | ҚазКСР-ның 1978 жылғы Конституциясы | Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы | Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (өзгертулер мен толықтырулар). |
|-------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                     |                                     |                                                    |                                                                                           |

«Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» пәнін жетілдіру бойынша мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасында келесі шешімдер қабылданды:

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау пәні бойынша жоспарланған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» оқу құралы 2012 жылдың маусым айында аяқталды. (Берілген оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗ және РБЖҰ бөліміндегі түзетулерден кейін, баспаға шығару көзделуде);

Аталған пән бойынша сонымен бірге, сабақтарға оқу-әдістемелік материалдар әзірленді (дәріс және семинар сабақтарының жоспары, оқу бағдарламасы, қор дәрісі, есептер жинағы, әдістемелік талдаулар, тест сұрақтары).

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша «полиция» — азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қолсұғушылықтан қорғауға жұмылдырылған және заңмен белгіленген шекте, мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығы берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының жүйесі.

Қазіргі уақытта құқықтық тәртіпті қорғау органдарының рөліне баға беру қиын. Өйткені біз тұрып жатқан әлемде өзгерістер көп және қоғамдық тәртіп жиі бұзылады. Сондықтан да қазіргі қоғамға құқықтық тәртіп ауадай қажет.

Полиция қызметкерлерінің лауазымды тұлғалар ретіндегі құқықтық тәртіпті сақтау бойынша борышы — заңға, сонымен қатар адам құқықтарын қорғауға және сақтауға жұмылдырылған заңдарға бағыну. Осыған байланысты құқыққорғау органдарының қызметкерлері адамзаттың абыройын құрметтеу принципін сақтаулары және бір адамда қалмастан барлық тұлғаларға қатысты адамның ажыратылмас құқықтарын танулары қажет деп санаймын.

Қорытындылай келе, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары басымдылығының конституциялық принципі Қазақстан Республикасының заңшығарушылық актілерінде заңды керініс табады және де құқықтық мемлекет құру жағдайында мемлекеттік органдардың қызметінде, әсіресе құқық қорғау органдарының құқық қолдану қызметінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауға бағытталған құқықтық механизмдерді өңдеу аса маңызды орын атуда.